



ИМАНИ ПЕДАГОГИКА ҒҰЛАМАЛАРЫ (*Екінші бөлім*)



КӨШПЕНДІЛЕРДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

Пікір жазғандар: Б.БОР (академик)

М. ҚАУСЫЛҒАЗЫ (д-р.проф)

Ж.Шекен (ф.э.канд. доц.)

Кеңесшілер: Бауыржан қажы Әленділы (Тереңкөп мектегі бас кітапх.)

Жанарбек Мамбарұлы (Азыт қажы мектегінің бас кітапх.)

Жауапты редактор: Дина Лесбекқызы Нурпейісова (Пед. магистрі)

Қобдабай Қабдыразақұлы

ИМАНИ ПЕДАГОГИКА ҒҰЛАМАЛАРЫ

Белгілі ғалым Қ.Қобдабайдың бұл еңбегі Ұлы Даланың Ұлық Ұстаздарының ұрпақты имандылыққа баулу, адамшылық, кісілік, ізгілік асыл қасиеттерді игерту және оларды еңбекке, өмірге дайындау бағытында берген кеңестері, айтқан ақылдары, педагогикалық ой-пікірлері мен түйген тұжырымдары, зерделеген ғылыми ұсыныстары жинақталып берілген. Сондай-ақ бұл еңбек, дайын материалдың жәй ғана жинағы емес имани педагогика ғылымы негізінде саралап талдау әрекетіне басымдылық берген. Екінші жағынан өткен жылы жарық көрген (Имани педагогика. Қарағанды. 2019. ISBN 978-601-7950-51-4; Imanpedagogika.ppt-online.org/594035) Имани педагогика атты жеке тақырыптық еңбектің қосымшасы ретінде ұсынылған. Сондықтан бұл еңбек, студенттерге, магистранттарға, насихатшы ұстаздарға, мұғалімдер мен тәрбиешілерге арналған көмекші құрал бола алады. *Редактор*

☎ +7 708 128 64 12

E-mail: sufer.chabdrakh2017@gmail.ru; kabdirazakh23@yandex.kz; Abaiaghobdi@yandex.ru
(Байланыста болып, осы кітаптың электрондық нұсқасын тегін алуға болады)





ҚОБДАБАЙ ҚАБДЫРАЗАҚҰЛЫ



ИМАНИ
ПЕДАГОГИКА



ҒҰЛАМАЛАРЫ



ҚАРАҒАНДЫ 2020

5. Абай - иманипедагогика ғұламасы



Педагогика-философиямен тамырлас ғылым. Оны қысқаша пайымдасақ: ол- адамды дамыту жолын айқындаушы философия. Мыңдаған жылдар бойығылымұрықтары философияның ішінде пайда болып дамыды. Ал, дін дегеніміз адамзатты Жаратушының салған жолынан адастырмай алып жүрер, бағыт-бағдарын нұсқаушы шамшырақ. Діннің негізгі мақсаты—өзі ұсынған теориялық және

практикалық ұстанымдардың қоғам өмірінде жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін көңілі таза адамдарды –КІСІНІ-қалыптастыру, тәрбиелеу. Абай атамызда осы ұшғылым дүниесі өзара ықпалдасып, жымдасып бүтін біртұтас әлемге айналған. Абай дананың философиялық педагогикалық, діни-рухани (дінтану) дүние танымын «әжептәуір» зерттеп зерделесек те, өрнектей саралап, бүгінгі таңда игеру, меңгеру жолын толық көрсете алмай келеміз. Оның басты себебі, біздің ой шаңағымыз, зерделеу қабылетіміз, танып білу шамамыз төмен болуынан шығар, әрі Дананың оңай шешілетіндей жұмбақ еместігі, әрі ойшылдың әлемдік деңгейдегі биік өрелігі, асқаралы шыңдардай биіктігінен, теңіздей тереңдігінен болуы да ықтимал. Әдетте, дана жұмбағын даналар шешкен. Абай дананың шығармашылық әлемі өте аумақты, орасан зор көлемді. Дананы бағалаушылар былай тұжырымдайды: «Қазақ халқын надандықтың айсыз қараңғы түні ғылым сәулесінен бүркеп, тұншықтырып тұрған кезінде, тұншыққан елге дем болуға, қараңғы жерге нұр болуға, надандық-аждаһаны өртеуге Құдай жіберген хақиқаттың ұшқыны Абай туды». М.Әуезов. «Абай» журналында Ж.Аймауытұлы «Журнал туралы» деген мақаласында Абайдың философиялық дарынына алғашқылардың бірі болып баға берекеліп, былай деп дәл атап көрсетті: «Ақыл, білім, сезім, терең ойлылығына қарағанда Абай қазақтан шыққан философ (данышпан)» [7]. «Бар қазақтың жүрегіне жол тапқан» жазушы әрі ғалым Сәбит Мұқановтың бір пікіріне жүтінсек: «Данышпандардың бәрі – ақын емес, ақындардың бәрі – данышпан емес, Абайда – солардың екеуі де болды».



Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ақыны, жазба әдебиетінің негізін салушы ғана емес, сонымен бірге ұлы ойшыл ұстазы, айтулы педагогикалық ілімнің төлиесі. Оның поэтикалық шығармалары мен “ғақлия” сөздері пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық және педагогикалық ой-пікірлерге толы. Абай атамыз тәрбиелеудің ілімдік жағынан көрі өнерлік жағына көп мән берген ғұлама. Себебі жалпақ жұртқа ұрпағын толық адам болдыру үшін алдына қандай мұрат, мақсат қойып, нендей жол-жобалармен жүріп, қандай амал-тәсілдерді қолданып жүзеге асыруға болатындығын түсінікті әрі көркем сөзбен айшықтап жеткізген. Абай заманында жұрттың барлығының көкірек көзі бүтінгідей саңылаулы болған жоқ. Осыны дұрыс аңғармаған бірер педогог ғалымдарымыз Абай атамыз арнаулы педагогикалық іспен айналыспаған, іргелі педагогикалық-психо-логиялық еңбек жазбаған деуге дейін барды. Иманипедагогиканы жаратпайтын одан жиренетін советтік дәуірде, атамыздың педагогикалық-дидактикалық көзқарастарын таптық, материалистік сүзгі-ден өткізіп талдап, жұлмалап керектендік. Абайды зертеуші ғалымдар ұлы ақынды халық ұстазы деп біледі. **Ұстаздық, ойшыл ақынның пікірінше, жастарды ізгілікке, адамшылыққа үйретушілік.** XIX ғасырдың соңғы он жылы – Абайдың ақындық мектебі үшін ең жемісті кезең. Осы кездерде «Ұстаздық қылған жалықпас» деп өзі айтқандай, қасына талапты жастарды жиып, оларға өлең сөздерімен де, ауыыша өсиет, ұзақ мәжілістерімен де үлгі-өнеге шашу сүйікті ісіне, дағдысына айналған болатын. Бұл туралы **«Абай ұстаз да, сөз ұзатын ынталы, талапты жастардың бәрі шәкірт»** дейді Мұхаң. Абай педагогикасын рухани әлеммен көңілдің ілімі немесе жүректің салтанаты деп қабылдайтын болсақ, оның негізгі бағыпы кемел адам тәрбиелеу. Кемел адам, Абайша айтқанда, **толық адам – кісілікке жат қылық-тардан әбден арылып тазарған, ішкі жан дүниесі азарып, рухани артқан, мүлтік-сіздіктің қалыбы мен жаратылыс негізіне мейлінше жақындаған асыл адам.** Абай халықтың болашағы жастарды адамгершіліктің игі қасиеттеріне



тәрбиелеуші үлкендерден (ата-ана, ағайын туыс, құрбы-құрдас) ұстаздық шеберлікке лайық қабілет болуын талап етті.

Педагогика қазақ халқының түсінігіндегі баламасы – тағылым, тәлім, білім, тәртіп, тәрбие ретінде қабылданады. Педагогика ғылымы – тәрбие беру, білім беру, үйрету, баулу, жетілдіру. Қазақтың ұлттық тәлім – тәрбие ілімінің негізін салушы М. Жұмабаев бұл жөнінде былай деген: «... Бала тәрбиесі – бір өнер, өнер болғанда да ауыр өнер, жеке бір ғылым болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбие қылу үшін, әркімнің өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек...».

Дана Қ. Абай-иманипедагогиканың негізін салушылардың бірі, әрі бірегейі... Қазақ мәдениеті мен ақыл-ойының заңғар биігі Абай Құнанбайұлы шығармашылығының әмбебаптылығы, энциклопедиялығы бүтінгі күні еріксіз таң қалдырады. Лирика, поэзия, сатира, поэма, аударма жанрларының негізін салып қана қоймай, осы жанрларды әлемдік биікке шығара білуі, музыкалық мұрасы, әлеуметтік-публицистикалық, философиялық, діни, ғылыми, тарихи еңбектерінің мазмұн тереңдігі, ағартушылық педагогикалық ойлары оның ұлт ұстазы, тіпті адамзат ғұламасы атануына арқау болды. Ұлтымыздың рухани мақтаншы, ұлы гуманист, ақын-ағартушы Абайдың ғылыми-педагогикалық мұрасының зерттелу жайы туралы айтқанымызда, педагогика тарихы саласындағы көрнекті қазақстандық ғалымдар, Т.Т. Тәжібаев, Қ.Б. Бержанов, Ә.У. Сембаев, Қ.Б. Жарықбаев, С.Қ. Қалиев және т.б. ғалымдардың еңбектерін ерекше атап өткен жөн. Оның жастарды тәрбиелеудегі педагогикалық көзқарастары дүние жүзілік педагогика классиктері Ж. Руссо, Д. Дидро, И. Кант т.б., орыстың ойшыл ұлы педагогтары Л. Н. Толстойдың, К. Д. Ушинскийдің ағартушылық ой-пікірлерімен терең қабысып жатыр.

Абайдың педагогикалық көзқарасы қазақ жерінде патриархалдық-феодалдық қатынастар әлсіреп, капиталистік қатынастардың өмірге ене бастаған кезеңінде қалыптасты. Ақынның ағартушылық ой-пікірлерінің қалыптасуына игі әсер еткен табиғи



арналардың алғашқысы – ақынның дүниеге келген ортасы, жас Абайдың бойына адамгершіліктің ізгі қасиеттерін ақ сүтімен қоса дарытқан ана мейірімінің қуаты. Кеудесі шежіре-тарих, аңыз-әңгімеге толы, халықтың салт-дәстүрлерін жетік білетін мейірбан әжесі Зере мен мінезге бай, тілге шешен анасы Ұлжан бала Абайды өз алдына бір бөлек рухани қазына бесігі болып тербетті. Өскенбей шаңырағына бекем орнаған «Қарашаңырақ мектебі», Асыл әжелердің басшылығында жұмыс жасаған «Дана Аналар» мектебі, Білікті аталар арқылы бұл әулетте жұмыстаған «Дана Аталар» мектебі ауыл балаларымен бірге жас Абайды үкілеп өсірді, айтулы адам болдырды. Осы отбасы мектептерінің өзіндік педагогикасы қашаннан бар болатын, Абай дана педагогикасында бұл дәстүр ұнасымды орын тауып, сабақтастықпен жалғасқан. Талантты жастың өз бетінше ден қоя оқыған, құныға тыңдаған ауыз әдебиеті шығармалары туған халқының өмірі мен дәстүрін, арманы мен мұңын ертерек танып білуіне себепші болды. Өмір заңдылықтарын түсінуге игі ықпал еткен әке тағылымы да ақын бойында ұстаздық қасиеттің қалыптасуына үлкен әсер етті. Туған халқының рухани мұдрасын жан-жақты игеріп, Батыс пен Шығыстың ғылыми ой-санасын сыншылықпен бойына сіңіру арқылы Абай қазақтың қоғамдық ой-пікірін өзінің ағартушылық тұрғыдағы тұжырымдарымен байытты. Абай педагогикасы тәрбиелеу ілімінің әрі тереңі, әрі тұнығы. Ол бес баулудан тұрады. 1. Елдікке, ерлікке, Отаншылдыққа баулу. Бұл Арғы қазақтан келе жатқан ұласпалы дәстүр, текті де, тегуірінді қасиет. Мұны бар қазақта, еш адам, ешуақытта аттап кете алмайды, қанға сіңген қатал тәрбиелік ұстаным. Оны бойына сіңірген адам ғана, толық адам, нағыз қазақ бола алады. 2. Кісілігі мол кісі болдыру, адамшылыққа баулу. 3. Иmandылыққа баулу. 4. Өнер, білім-ғылымға баулу. 5. Өмірге дайындау, еңбекке баулу. Осы баулу мектептерінен өткен, адамшылықтың асыл қасиеттерін бойына сіңірген, өнер, білім-ғылымға көргенділікке қол жеткізген, қоғамда өз орнын таба білу (өмір тану) ғылымшын игеруші жанды атамыз, толық адам деген. Олай болса Дана Абай педагогикасы-заманауи толық адам



қалыптастыру ісінде тұғыр боларлық Қазақстан білім жүйесінде, жастарға тәлім-тәрбие беруге ғылыми негіз боларлық ұлтан-ды ілім болып табылады. Абайдың өз шығармаларындағы негізгі ұстанған этикалық қағидасы – бұл «Адам бол!» деген үндеуі – ол ақынның шығармашылығының өзегіне айналды. Абай үндеуінің этикалық мәні адамның өмірдегі міндеті мен ролін жоғары бағалау. Адам – ақын көзқарасында, ақыл ойдың, адамшылықтың, еңбексүйгіштіктің және білімділіктің, достық пен махаббаттың түгелдей көрініс табуы, жинақталуы. Ай мен күн – аспан әлемінің әшекейі, орман мен жемістер – таудың әшекейі, ал жердің сәні – адам. Абай үлкен мақтаншпен: «Адам деген даңқым бар!», - деп жар салады [2, 86 б.]. Абай дүниетанымы мен философиясындағы даналықтың қыр-сырын, бүге-шүгесіне дейін ашып көрсете білген профессор Т.Х. Рысқалиевтің пікірінше: «Абай даналыққа, даналықты білдіретін сөзге, іске, мінез-құлыққа ерекше мән берді; ол даналықты танып, ажырата білді, жүзеге асыра білді. Даналық Абай ілімінде теориялық концепция болып қалған жоқ, өмір сүру тәсіліне айналды» «...Абайдың түсінігі таң қалдырады. Оған дейінгі, одан кейінгі қазақ ойшылдары мен ғалымдарында кездеспейтін түсінік. Өткенді де, қазіргіні де, болашақты да қамти алған түсінік. Оқумен, тоқумен, тәжірибемен, ойланумен, толғанумен, терең бойлаумен келген түсінік. Адамды өсіретін, сонымен бірге кімнің кім екенін, ненің не екенін таразығасалып өлшеп беретін түсінік» [4, 44 б.]. Сондықтан да, Абай педагогикасы да, таңқаларлық терең әлем! Абай педагогикасында бала тәрбиесінен бастап тұтас ұлттың, халықтың санасына ықпал ету мақсатындағы ойларын ортаға салды. Оның тәрбиелік бағыттағы ойлары кең ауқымдағы ағартушылық идеяларға ұласты. Бұл тұрғыда Абай ұлттың бір ғана белгілі тобының тілек-мүддесіне орай идеялық мақсат ұстанған жоқ, тұтас ұлттың, халықтың болашағы туралы, күнделікті мұң-мұқтажы қажетті іс-әрекеті туралы ой қозғады. Халықтың бірде-бір тобын жекелеп алып қарамай, тұтас сөз қылды Дана Абайдың тәрбиелеу ілімін әділет-махаббат педагогикасы деп жүрміз. Бұлай атау біреудің білгірлікпен, даналықпен айтқан пайымы емес. Абай педагогикасы



касының өз ішкі мәні мен мазмұнынан, мұрат мақсатынан туындаған ғылыми пайым, дәлелді кесім. Осыны тарқатып көрелік. Шындығында, адам рухын, жалпы болмысты басқарушы күш - Тәңірінің әділет-махаббат заңы екеніне Абайдың көзі жетіп, толық иланған. Ақ ниетті адамзаттың ықпалым заманнан бергі арманы өзі тұратын елде, тіпті жалпы жер бетінде әділет орнату.

Жалпы адамның тума табиғатында әділетке деген сұраныс, ұмтылыс пен махаббат бар. Адамзат тарихындағы бүкіл көтеріліс, төңкерістердің де түпкі себебі де, қол жеткізбекші мұраты да сол әділетті орнату. Ислами контексте Әділет дегеніміз әр нәрсенің өз орнында тұруы. «Шәкіз Алла турашыларды (әділдікпен амал еткендерді) сүйеді.» (Құран, 5:42) «Және елшілер мен бірге адам баласының әділ тұруы үшін Кітапты, мизанды (әр нәрсенің өлшеуін) жібердік» (Құран, 57:25) Егерде жеке адам немесе бүкіл қоғам тек қайрат пен ақылдың тапқан жолына түсер болса – «алдың – жалын, артың – мұз». Ақынның «алдың-жалын» дегені ахирет – тозақ жалыны, ал «артың-мұз» дегені сүрген өмірің мағынасыз, баянсыз дән шықпайтын, дәнеңе өнбейтін тақыр деген мағынаны білдірсе керекті. Демек, адамға бақыт қонуының басты шарты, ойшылдың білуінше, әділет-шапқат иесі болу. Сөйтіп, адам рухын, жалпы болмысты басқарушы күш - Тәңірінің әділет-махаббат заңы екеніне Абай шек келтірмейді. «Алла адамның түр-әлпеті мен мал-мүлкіне емес, оның жүрегіне қарайды», деп айтылған хадиске сүйенеді. Жүрек, яғни көкірек көзі заттың құбылыстың ішкі мәніне бойлай алады, тылсым дүниені түсініп, ғайыпты сезінеді, шабыт алып қанаттанып, шекара танымайды. Адам бойындағы бар ізгі қасиет жүректен табылады. Сондықтан қайрат пен ақылға бағынбайтын жүрек дене мүшелерінің әміршісі болып саналады. Абай осы түбегейлі идеясын бірде ғақлия сөзіне, бірде өлеңіне өзек етіп, дамыта береді. «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңінде ақын «дүние мен малға дос» адамдарға: Осыны оқып ойлай бер, болсаң зерек. Еңбекті сат, ар сатып неге керек?! Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті. Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, – дейді. «Жылы жүрею» сөзін «махаббат», «мейірім» мағынасында



қолданған ақын адамның басты қасиеті «ыстық қайрат», «нұрлы ақыл», «жылы жүрею», – деп ақылды да қайратты һәм мейірімді адамды жүрегінде адамгершілік махаббаты жоқ «дүние-дос» адамға қарама-қарсы қойып, ақылды да қайратты, мейірімді адамды жан-жақты жетілген кемел адам деп, оны басты орынға шығарады. Абай ең жоғары, аса шарапатты адамгершілік қасиетті «махаббат» деп атаған. «Ей, жүрегімнің қуаты перзенттерім! ... Ықыласпен ұғып алыңыздар, оның үшін махаббаттың төлеуі – махаббат. Әуелі адамның адамдығы, ақыл, ғылым деген нәрселермен. Мұның табылмақтығына себептер - әуелі хауас сәлим (арабша өзіндік дұрыс қасиет) һәм тән саулық. Бұлар туысынан болады, қалмыс (қалғаны) өзгелерінің бәрі жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Махаббатсыз ғылым - қасірет, махаббатсыз мейірім – мүсіркеу. Махаббатсыз жасалған Мейірім мен Ғылым мәңгісіз. «Бұл ғадалет, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол – ғақил» дейді Абай. Махаббат пен Әділет әрқашан тең және қатар жүруі керек.

Адамның ішкі әлемінің рахаты мен тыныштығы, былайша айтқанда, жан сақтауы өте-мөте әділет сезіміне тәуелді. Соның айғағы – әділеттілікті жанындай көріп аңсамайтын адам көксемейтін халық болмайды. Әділет – қиянаттың дұшпаны. Күллі көркем әдебиет классиктері шығармашылығының алтын өзегі – әділет пен қиянаттың мәңгі айқасы, бітіспес майданы. Көркем әдебиет ғана емес, күнделікті өмірдегі шындық өзегі де осы тартыс. Сонымен, әділет – жан сақтау құралының бірі, қастерлі категория. Бірақ әділеттілік туралы басқадай не білеміз, ол жайлы біліміміз толық па? «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген туындысында данышпан Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті. Адамзаттың бәрін сүй «бауырлар» деп, Және «Хақ жолы осы» деп әділетті, – дейді. Ал, 45-сөзін: «Құдай табарақа уатағаланың барлығының үлкен дәлелі – неше мың жылдан бері... һәм неше мың түрлі діннің бәрі де ғаделет, махаббат Құдайғалайықты дегендігі» деп бастайды. Сөйтіп, Абайдың ақтық өсиет-толғаулары қос феномен сезім: махаббат пен әділетке бағытталғанына көз



жеткіземіз. Маңызды ерекшелік – хакім Абай махаббат, ғаделетті қосақтап айтады. Мұның сыры неде? Гәп мынада: махаббат – күллі әлемге нұрын, шуағын төккен қуат, ал әділет – тұтастай ғаламқұбылыстарын реттеуші құдірет. Қос қуат, құдырет қосылғандағарыштық күрделі қатынастар ғажайып үйлесімін табады. Міне хакім Абай махаббат, ғаделетке осы тұрғыдан келіп, жаңа аталған 45-ші қарасөзінде мынадай даналық тұжырымын жасайды: «Бұлардың (махаббат пен әділеттің) керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан Тәңірінің ісі». Осылайша Абай бізге он сегіз мың ғаламның махаббат-әділет заңымен басқарылып, реттелетінін ашықтап беріп отыр. Бұл, сөз жоқ, тек әлемойы алыбының ғанасыбағасы Махаббат – Жаратушының бір аспектісі екендігі, әрине, әлімсақтан мәлім Барлық әлемдік діндер осыныдіттейді, айтальқ, исламдық сопылық ағым «махаббат діні» делінеді. Ал, әділеттілік ше? Ол махаббатқа тете, теңдес бола тұрып, реттеушілік құдыреті басым. Біле білсеқ, Абайдың: «Неше мың түрлі діннің бәрі де ғаделет, махаббат Құдайға лайықты деген» деп тұжыруы өз алдына жаңалық. Сахараойшылы бұл арада хақиқат заңды күллі қасиетті кітаптардан сүзіп алғанын сездіртіп отыр. Абайдың жаңағы әділет, махаббат түсініктерін бөлмей-жармай қолдану сыры киелі кітаптар мазмұнында екенін көреміз. Абай өзінің «Ғақлиат-тасдиқат» деп аталатын 38-қарасөзінде: «Махаббат – әуелі адамның адамдығы, ғақыл, ғылым деген нәрселер бірлән», – деп жазады. Махаббаттан бастау алатын адамның «адамдық жоль» яғни адамның адамгершілігі – ақыл мен ғылымға тікелей байланысты. Түп-тамьры арабтың «хәбба» – сүю деген сөзінен шыққан «махаббат» сөзін – Абай өз шығармашылығында мольнан пайдаланып, «сүю», «мейірім», «сүйіспеншілік» мағыналарында қолданады. Абай өзінің дәл осы 38-қарасөзінде: «Талап, ұғым махаббаттан шығады», – дейді. Махаббат, ол – адамның өн-бойындағы мейірім мен сүйіспеншілік. Абайша пайымдасақ, ақыл мен ғылымнан бастау алған махаббат – адамгершілік негізі. Иә, махаббат! Махаббат, ол – мейірім! Егер, ананың баласына деген мейірімге толы махабаты болмаса, адамдар



өмірді көкжиектен алаулап шығатын «қасиетінен айналайын» алтын күнді, отбасын, Отанын сүймесе, әке перзентін, перзент ата-анасын, адамдар бірін-бірі мейірімге толы, шынайы сезім – махаббатпен сүймесе, онда өмір сүріп керегі не? Адам өмірінің өзегіне айналған ең асыл қасиет, ол – махаббат! Сондықтан да хакім Абай: «Махаббатсыз дүние – бос», – дейді. Қорыта айтқанда, махаббат, ғадалет категорияларын, бір жағынан, «Тәңірінің ісі» (Тәңірінің хикметі, заңы деген мағынаны да білдіреді) деп ғаламдық деңгейде бағамдау, екіншіден, олардың түп генезисі ортақ. Сол сияқты планета жұртшылығын алаң еткен Батыс және Шығыс делінетін осы заманғы орасан үлкен өркениеттілік қарым-қатынас пен өзара ұғысу проблемалары да әділеттілік заңына тіреледі. Ол ол ма, күллі материалдық әлем Ньютон ашқан заңдармен реттелетіні сияқты күллі ғаламның тыныс-тіршілігі Абай ашқан әділет-махаббат заңымен реттеледі. Абайдың қоғамды тек тыныштық жағдайда, имандылық тәрбие негізінде ғана өзгерту қажеттігіне сенімі кәміл: «Берекеңді қашырма, Ел тыныш болса, жақсы сол» (1889) дейді. Сөйтіп, Абай терең ой еңбегіне, қоғамда әділетті орнықтырудың жолын, яғни әділеттілік ілімін іздестіруге кіріседі. Тың өрісте тапқаны – «Менсінбеуші ем надандь» (1891) деген өлеңінде өзі айтқандай, «адам түзелмей, заман түзелмейді» деген парадигма болды. Ол бойынша заманның түзелуі үшін әр адамның іштегі кірден тазаруы, рухы жетілуі мен иманы нығаюы шарт. Себебі, егер жеке тұлға «іштегі кірді қашырса», яғни әр адамның жан тәрбиесі жолға қойылса, мұндай тәрбие кемелдігінен бүкіл қоғамның кемелдігі құралмақ. Адамзат тыныш-тығы мен рухани жетілуінің өзгедей амалы, жолы жоқ. Осынау алыс мақсатты көздеген ойшыл ақынның 1891 жылдан былайғы өмірінде басты шығармашылық жұмысы – екі проза кітабы болғаны, оларға күш-қуатын сарқа жұмсағаны анық: бірі – 40 ғақлиядан тұратын «Ғақлия» атты (1891-97 жылдар арасында жазылды) кітабы, бірі – «Ғақлиат-тасдиқат» (қазіргіше 38-ші қарасөз) атты кітабы. Алдыңғысы – туған халқына жөн-жоба сілтеген арнау өсиеттері, ал 1898-1902 жылдар аралығында жазылған екіншісінің – берісі мұсылман әрісі күллі



адамзатқа арналған даналық трактат екені талассыз. Кітап «Ғақлия»-ның үшінші сөзінде ойшыл қойған кесек мәселелерден қазақ өмірі қайтсе түзеледі немесе қоғам қайтсе әділетті болады деген сұрақ жазбай танылады. Айнала дүниенің қиянатшыл болуы- әділеттің жоқтығынан. Сондықтан Абай: «Осы қазақ халқының осындай бұзықшылыққа тартып, жылдан жылға төмендеп бара жатқанын көрген соң менің ойыма келеді» дей отырып, бұзықты азайтып, әділді молайту жақында ой-пікірлерін ортаға салады. 90-шы жылдардың ортасы – Абайдың ақындық мектебі үшін ең жемісті кезең. Осы кездерде «Ұстаздық қылған жалықпас» деп өзі айтқандай, қасына талапты жастарды жиып, оларға өлең сөздерімен де, ауызша өсиет, ұзақ мәжілістерімен де үлгі-өнеге шашу сүйікті ісіне, дағдысына айналған болатын. Бұл туралы «Абай ұстаз да сөз ұғатын ынталы, талапты жастардың бәрі шәкірт» дейді Мұхаң. 1894-95 жылдар шамасында жазылған «Әсемпаз болма әрнеге» деген өлеңінен осы кездің тынысы айқын сезіледі: «Қайрат пен ақыл жол табар, Қашқанға да қуғанға. Әділет-шапқат кімде бар, Сол жарасар туғанға. Бастапқы екеу соңғысыз, Біте қалса қазаққа. Алдың – жалын, артың – мұз, Барар едің қай жаққа?» Абай өлеңде жай ғана әділет деген, «әділет-шапқат» («шапағатты әділет» деген мағынада) тіркесін пайдаланған. Сөйтіп, адам рухын, жалпы болмысты басқарушы күш Тәңірінің әділет-махаббат заңы екеніне Абай алғаш рет меңзейді. Егерде жеке адам немесе бүкіл қоғам тек қайрат пен ақылдың тапқан жолына түсер болса – «алдың – жалын, артың – мұз». Ақынның «алдың-жалын» дегені ахирет – тозақ жалыны, ал «артың-мұз» дегені сүрген өмірің мағынасыз, баянсыз дән шықпайтын, дәнеңе өнбейтін тақыр деген мағынаны білдірсе керек-ті. Демек, адамға бақыт қонуының басты шарты, ойшылдың білуінше, әділет-шапқат иесі болу. Осымен, данышпан Тәңірінің әділет заңын орындау я орындамау, яғни бақытқа жету-жетпеу әр пенденің өз ырқы екенін білдіреді. Әділеттік, арлылық, махаббатпен – Үй жолдасың қабірден әрі өткенде, –дей келе: Ғадаләт пен мархамат – көп азығы, Қайда көрсең, болып бақ соған көмек, –деп



түйін түйеді Абай. Келер жолғы тағы бір әйгілі өлеңінде: Махаббат ғадауатпен майдандасқан, Қайран менің жүрегім мұз болмай ма? –депті. Ақын жүрегі неліктен майдан алаңы, махаббат сезімі не үшін майдандасты? Әділет үшін. Мұны осы кездерде жазылған «Жүрегім менің – қырық жамау» өлеңінде: Жүрегім менің – қырық жамау, Қиянатшыл дүниеден, –деп ойшылдың өзі паш етеді («қиянатшыл» сөзі «әділетсіз» сөзіне синоним). Сонымен, Абайдың поэзиясында, әсіресе, кітап «Ғақлия» атты мұрасында «қалың елі, қазағын», өзге халықтар қатарына қосу, яғни «ел қылу» идеясы бүкіл қоғамда әділдікті орнықтыру идеясымен қабыса табысқанына көз жеткіземіз. Бұл ерекшелікті ғұлама М.Әуезов бізге былайша білдіреді: «...Ылғи ғана таза адамшылық жолын үгіттейді. Әділдік, шыншылық, махаббатты – бауыр малды арлылық, ойшылдық, сыншылық сияқты адамды адамқылатын жан тәрбиесінің барлық негізін қолданады». Енді Абайдың екінші қолжазба кітабы – «Ғақлиат-тасдиқат» (қазіргіше 38-ші қарасөз) мазмұнына көшелік. Алдыңғы кезеңде, яғни өлеңдері мен «Ғақлия» кітабында қадау-қадау көрінген әділет-мархамат концепциясы 1898 жылдан беріде жүйелі ілімге айналуы, жаңа сатыға көтерілуі заңдылық. Абайдың екінші кітабы – «Ғақлиат-тасдиқат» міне осының асқақ айғағы. Бұл даналық еңбек басты үш бөліктен тұрады: бірінші – Алланы тану (мұсылманша мағрифатулла), екінші – әділет, махаббат Тәңірінің ісі, хикметі екенін дәйектеу (Абайдың өз сөзімен айтқанда: «Алла тағаланың пенделеріне салған жолы қайсы?» екенін білу), үшінші – адамның кәмалатқа жету шарттары немесе «ғадалетті адам» идеясын сомдау. Міне осы негізде дана Абайдың «әділет-махаббат педагогикасы» қалыптасқан болатын. Құдайдың өзі адамзатты махаббатпен жаратқан соң адамның бұл дүниені, адамзатты «бауырым» деп танымауына шара жоқ. Адамның адамды бауырым деп тануы - әділет жолы. Әділетті таңдаған адам адамзатқа сүйіспеншіліктен қарайды, сүйсіне қарайды. Сөйтіп, Абай сүйіспеншілікті адамгершілік деңгейіне көтереді, сезімді ақылмен ұштастырады. Әлем шындығынды Құдайдың өзі жаратқан махаббат бесігіне бөленіп, сүйіспеншілік жергігіне оранып,



әділеттің алақанында тербеліп тұр. Адам осы ұяда өсіп-өніп, толық адам болып жетілуге тиіс. Социалистік педагогикада интернационалист тәрбие деген бар. Ол ұлы державалық шовинист көзқарасты қаншама көлегейлеп жабуға ұмтылғанмен, адамдардың діни, нәсілдік ерекшеліктерінің тігісін жатқызып, өзара ынтымақ бірлікке шамасынша жанталасып кіріскенімен нәтиже шығара алмады. Осы бір қиюы қашқан ұран мен насихатты атамыз: «адамзаттың бөріп сүй бауырым» - деп қана өте терең мағынада, сырлы сөзбен сабақтаған. Абай педагогикасы тәрбиелеу ілімінің әрі тереңі, әрі тұнығы. «Адам баласынан махшарда сұрау алатұғын қылып жаратқандығында һәм ғаделет, һәм махаббат бар» дейді Абай трактаттың мағрифатулла бөлігін аяқтаған тұсында. Осыдан соң, ғұлама Алла тағаланың адам баласының пайдасына жасаған несібе, нығметтерін түгелдей тізбелеп айтып: «Бұл хикметтерінің һәммасында мархамат һәм ғаделет заһир тұр екен» деп түйін түйеді. Он сегіз мың ғаламның бір тәртіпке бағынып, аса күрделі зор тетік сияқты таңғажайып үйлесім-ділікпен жұмыс жасауы енді түсінікті: Құдай ісінің бәрі мархамат-ғаделеттің көрінісі екен. Әрі қарай Абай ғаламдық көріністерден адам баласының іс-әрекеттері қалайша мархамат-ғаделетті болмақ деген мәселеге ауысады. «Енді белгілі, иман құр инанышпенен болмайды, ғаделет уә рафғатпенен болады, – дейді данышпан. – Ғамалус-салих (жақсы істер) ғаделетті мархаматты болмақ. Күллі тәнмен қылған құлшылықтарың ешбір ғаделетті мархаматты бермейді. Көзің күнде көреді намаз оқушы, ораза тұтушылардың не хәлетте екендіктерін, оған дәлел керек емес». Демек, иман шын болудың маңызды шарты – көпке пайдасы тиетін ізгілікті істер – ғамалус-салихтерді атқару, қысқасы, «мархамат-ғаделетті иманның шартынан хисап қылу». «Алла тағаланың пендесіне салған жолы қайсы?» деген бүкіләлемдік сұраққа ұлы Абайдың берер жауабы міне осы. Біз, Ұлы дала төсінде, Туран топырағында туған күллі ойшылдардың әділет-махаббат педагогикасын Иманипедагогика деп жүрміз. Абай атамыз толық адам тәрбиелеу үшін белгілі шарт орындалуын талап еткен, олар: жақсы тән саулығы, жақсы туыс, жақсы ата, жақсы ана,



жақсы құрбы, жақсы ұстаз. (Кәзіргі жағдайда мұның бірі де орындалмаса да, күшпен тәрбиелеп жатырмыз ғой!) Абай жастарды еңбекке баулуда күнделікті отбасы тәрбиесіне, ата-ананың жауапкершілігіне ерекше мән берді. Баланың болашағына жауапкершілік алдымен әкеге жүктелетінін ескертіп, әкенің ақылы мен ықпалы болмай адал еңбекке, мағыналы өмірге дұрыс баулу, жас жеткіншектің бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мүмкін емес екенін атап көрсетті. Сондықтан, баланы ұлағатты азамат - «толық адам» етіп тәрбиелеу үшін, ата-аналарының өздерінің сол дәрежеге сай, үлгілі, өнегелі болуын талап етті. «Басында әке айтпаса ақыл жарлық, Ағайын табылмаса ой саларлық. Қалжыңбассып өткізген қайран дәурен. Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?» - деп, ойын-сауықты қызықтап, өмірді белгілі бір мақсатсыз, бойкүйездікке салынып босқа өткізудің соңы өкінішке алып келетінін, қалайда ата-ананың ақылына көңіл бөліп, басшылыққа алуы керектігін еске салады. Ойшыл ақын әкенің ізгі қасиеттері - оның адамгершілігі, еңбексүйгіштігі, отбасы жарына адал болуы деп есептеді. Әкенің отбасына, жарына деген сүйіспеншілік сезімі үй-ішін нұрландырып тұрса, Ері ақылды, қатыны мінезді боп, тату болса, үстіндегі үй ұрмаққа айналып, бала жақсы мінезге, асыл қасиетке тәрбиелене алатынын атап өтті. Керісінше, ақын өз отбасынан суынып, ел көзіп, қыдырыппаздыққа салынған, өз үйінің шырқын бұзған, бала тәрбиесіне мән бермейтін әкелерді сынға алады. Дүйім қазақ жұртына танымал «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» атты өлеңінде әкесі мен шешесі баланы аңдыр. Ол да өзіңдей ит болсың, азғыр, азғыр, - деген жолдар бар. Абай тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Әне оны берем, мәне мұны берем деп, бастан алданғаныңа мәз боласың, соңынан балаң алдамшы болса кімнен көресің?» деп теріс тәрбие беретін ата-ананы сынға алды. Әке мен шеше қандай болса, ертең балада сол соқпақпен жүретінін айтады, немесе: Әкесі ұрысса балаға, ол да достық. Баласы ұрысса әкеге жараса ма? - дейді. Тәрбие - үздіксіз процесс. Ол баланың жас ерекшелігіне қарай тиянақты, тұрақты жүргізілу керек. Осы ойын Абай «Жақсы әке-баланың өмірлік ақылы мен азығы, жаман әке-



қайғысы» - деген педагогикалық көзқарасымен қолдайды. Ата-ананың тәрбиесі айғаймен, ұрып-соғумен емес, баланың жеке психологиясын, қабіл-етін, ерекшелігін ескере отырып, үздіксіз әрі жүйелі жүргізіліп, ақылмен ғана берілетін әрекет екенін баса айтады. Нәтижелі тәрбиеден тәрбиелі бала өседі. Сүйер ұлың болса, сен сүй, Сүйінерге жарар ұл, - деген жолдарда үлкен педагогикалық ұғым бар. Ұлы Абай бала тәрбиесіне бірден бір жауапты – ата-ана екендігін айтып, ағартушылық насихат қалдырған. Абай бала келешегіне қамқоршы ұстазы - әке деп білумен қатар ұрпақ тәрбиелеудегі ананың орнын да ерекше бағалады. Өз анасы Ұлжан мен әжесі Зеренің құшағында болып, қос мейірім бұлағынан сусындап өсуі оның ана қасиетін биік тұғырдан тануына игі әсер етті. Аналық мейірім арқылы берілетін нәзік те пәк адамгершілік асыл қасиетті ерекше қастерледі. Ананы өз баласының алғашқы, ең аяулы тәрбиешісі деп білді. Қыз баланың тәрбиесіндегі ана тәлімінің ықпалына Абай педагогикалық тұрғыдан жан-жақты талдау жасап, өрелі тұжырымдар айтты. Ол қыз балаларды жұбайлық өмірге балғын шақтан әзірлеу керектігіне назар аударады. Қыз күнінде ұқышты, жинақы болып жүріп, тұрмыс құрған соң берекесі кетіп, салақ әйел атануы, әсіресе қаракетсіз өскен бай қыздарының жастайынан еңбекке етене баулынабағанынан деп білді. Сондықтан аналарға қыз бала тәрбиесінде ұлттық дәстүрді басшылыққа алуды ұсынды. Ұлт тәрбиесінде абзал аналар ес біле бастаған қыз балаларына іс тіктіріп, үй шаруасына үйреткен. Осындай аналарды Абай қатты құрметтеп, қалыңдық іздеген жігіттерге тәрбиелі ананың қызына көз салуды ескертті. «Жасаулы деп, малды деп байдан алма, Кедей қызы арзан деп құмарланба. Ары бар, ақылы бар, ұяты бар. Ата-ананың қызынан ғапыл қалма», - деп, жар таңдағанда тәрбиелі, жақсы ананың перзентін малды болмаса да бағалай біл, өмірлік жолдас ет деген аса құнды пікір айтты. Бойына адамгершіліктің асыл қасиеттерін жинақтаған қыз балаларды болашақ көтерілер шаңырақтың берік қазығы деп есептеді. Болашақ отау құру мәселесінде қыз балалардың ақылды, білімді болуына ерекше мән берді. Ол өз қызы Күлбаданды қала мектебінде



оқытумен қатар, қазақ қыздарының сауатты болуын қолдады. Ең болмағанда хат танып, оқу-жазуды игеруі керектігін ескертті, маңайындағы адамдардың қыз балаларының сауатын аштыртып, өлең-жыр көшіртіп, ән мен музыкаға баулыды. «Біреуді көркі бар деп жақсы көрме, Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме! Әйел жақсы болмайды көркіменен, Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!», - деп тұрмыс құрар жастарға қалыңдықты көркі мен сымбатына ғана қарап бағаламай, оның адамгершілік қасиетіне, ішкі жан дүниесіне, ақыл-парасатына, көргенділігі мен тәрбиелілігіне көңіл бөлу керектігін ерекше атап көрсетті. Абай болашақ отау құрушы жастарға жұбайлық өмірдің елеулі қиындықтары да болатынын, оқиындықты жеңуге алдын ала әзірлеу керектігін ескертті. Некелескен жастардың бір-бірімен, отбасының басқа мүшелерімен, жора-жолдас, туған-туысқандарымен сыпайы қарым-қатынаста болуы, олардың елге құрметті, саналы азамат дәреже-сіне жетуі өздерінің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне байланысты екенін ашып көрсетті. Ақын некелік өмірдің табиғи тірегі мен құқықтық негізі - жастардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі деп білді. Абайдың түсінігінде тең құқылық - махаббат бостандығы. Сол бостандықтың жүзеге асуы – олардың некелесуі деп қарады. Сондықтан ол өзінің көптеген өлендерінде осы тұжырымын жария етті. Қазақтың отбасылық тәрбиесінің түп қазығы-бауырмалдылық. Бауырмалдылық - кең мағыналы ұғым. Мәселен, отбасындағы үлкеннің кішіге қамқорлығы, кішінің үлкенге ізеті, баланың ата-анаға, өке-шешенің бала-шағасына мейір-шапағаты, үл мен қыздың ер жеткен соң еліне қызмет етуі – бауырмалдылықтың түрлі көріністері мен қайнар көздері. Халқымыз өз ұрпағына осы қастерлі қасиетті ес біліп, етек жаба бастаған кезден үйретіп, мұны тұрмыстық салтқа, адамгершілік дәстүрге айналдырып отырған. Халық "бір үйлі жансың, бір-біріңе меймансың", "бір-бірінді сыйласаң - жан семіреді" -деп, бауырмалдық қасиетті ұрпағына мирас етіп, ерекше қадір тұтып, қастерлеп келген. Сүйіспеншілік аталатын нәзік сөзімнен көптеген адами сапалар туындап, махаббат алақанында әлпештеніп, жайсаң



мінездер қалыптасады. Перзенттік борьш, ата-аналық махаббат, туысқандық мейірім, достық мейірім, ұлтжандылық, отансүйгіштік, елжандылық, бауыр-малдылық – осы асыл қасиеттің тарамдалып жетілуі, көгеріп көркеюі. Қайырымдылық-айналадағы адамдарға ізгілікті іс жасау. Абай дана педагогико-психологиялық көзқарас-тарымен жас буынға ақыл-ой, адамгершілік, еңбек-кәсіптік тәрбие берумен қоса, бас тәрбиешілер – ата-ананың бала тәрбиесіндегі ролі, отбасылық тәрбие, болашақ жанұялық өмірге тәрбиелеудің негіздерін ашып көрсетіп берді. Абай атамыз осы бауыр малдылықты түп тамырымен төңкеріп тұрып көрсетеді. Ұлы гуманист адамды сүю туралы айта отырып, «Адамзаттың бәрін сүй» дей келе, «Адамзатты сүю – хақтың жолы, ғаділеттің жолы» деген анықтама береді. Ақын адамды әкенің емес, адамның баласы болуға үгіттейді. «Әкенің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауыры» — деп, ғибрат тас-тайды. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін отпаған хайуанның бірі боласың» дейді Абай. «Құдай жолы – жанашыр харекет, көпке пайданды тигізу», - деп ұқтырады. Асыл қағиданы Абай өлеңінде былайша өрнектейді: «... Мазлұмға (бейшора араб.) жаның ашып, ішің күйсін, Харекет қыл, пайдасы көпке тисін. Көптің қамын әуелден Тәңірі ойлаған, Мен сүйгенді сүйді деп Иең сүйсін». Халық қамын ойлаған Абай алдымен бірлікке шақырып, бауыр малдылықты дәріптейді. «Бірінді қазақ, бірін дос, Көрмесен, істің бәрі бос.» «... Кемді күн, қызық дәурен, тату өткіз Жетпесе, біріндікін бірін жеткіз. Бір жерде бірін жүрсең, басың қосып, Біріннің бірін сөйле, сөзің тосып, — дейді. Кейбір құрбылардың достығын былай деп сынайды. Кей құрбы бүгін тату, ертең бату. Тілегі, жақындығы бәрі сату, — деп, жолдастықтың қадіріне жете алмай жүрген жастарды айтады да, Аямай жанын дос берер, Жолдастықты ақтаса,» — деп, адал достыққа шақырады. Бала-шаға – ата-ананың мойнына жүктелген үлкен аманат. Балалардың ата-анасынан алуға тиіс бірнеше ақылдар бар. Сол ақылдардың ең үлкені, әрі ең маңыздысы – дұрыс, имани тәрбие. Перзентті ішкізіп-жетізу, киіндіру, бағыш-қағу, ауырса дәрі-дәрмегін әперу де міндет. Бірақ бұлар тәрбиенің өзегі емес. Имани тәрбие бұлармен ғана

шектелмейді. Бұл аталғандарды иманды болсын, иманды болмасын, жақсысы болсын, жаманы болсын, кез келген қауым атқарады. Тіпті хайуан екеш хайуанның өзі өз төлін асырап, оларға қамқорлық жасайды. Мысалы, қарлығаштың балапанының аузына тамақты қалай әкеп салатыны баршамызға мәлім. Қыран қалай балапанын ұшуға баптайды. Бұл да тәрбие. Алайда ислами, адами тәрбиенің жөні, әрине, бөлек. Өйткені адамның жаратылу мақсаты басқа. Оның жоқтан бар болуындағы мақсат – Жаратқан иесін танып біліп, оның алдында басып, құлшылық ету. Оның алдында жанды жадырататын жұмақ немесе күйзелтуші азап орны күтіп тұр. Олай болса, ата-ананың ең үлкен уайымы бауыр еті баласын мәңгілік жұмаққа қарай жетелеу. Ол үшін ең алдымен оған Аллаға иман етіп, ардақты Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жолымен жүріп, ел-жұртына, халқына, пайдакелтіріп, аяулы ата-анасын құрмет етіп, мұсылманша өмір сүру үлгісін үйрету керек. Міне осы абзал қасиеттер Абай атамыздың пікірінше қазақ отбасында қалыптасуы тиіс.

Дереккөз:

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясына» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9
2. Абай. Қара сөздері. Алматы 2006
3. Абай. Құранбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I-том. 2-том. Алматы, "Ғылым"-1977
4. Қазақ ағартушыларының философиясы / Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20 т. — 10-т. — Астана: Аударма, 2007.
5. Вүезов. М. Абайды білімгерлік ойы жасақ. Алматы, "Сағат"-1997.
6. Абай «Қалың елім, қазақым», Алматы «Атамұра», 2002
7. Абай «Өлең – сөздің патшасы» Халықаралық Абай жолы, 2006
8. Иманпедагогика. Қарағанды 2019. ISBN 978-601-7950-51-4
9. Иманпедагогика баулу қазақ тілі. Ұланбастыр 2017

